

**"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 24 желтоқсандағы N 1685 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 тамыздағы № 676 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 676 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу ережесі бекітілсін.

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері: бір айлық мерзімде жергілікті өкілді органдармен келісім бойынша Учаскелік комиссиялар туралы ережені әзірлесін және бекітсін; атаулы әлеуметтік көмекті алу үшін өтініш берушінің отбасының құрамы туралы мәліметті куәландыратын уәкілетті органды белгіленген тәртіппен анықтасын;

өтініш берушілердің атаулы әлеуметтік көмекті тағайындату үшін ұсынатын құжаттарын тегін куәландыруды белгіленген тәртіппен қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші қосымшаға сәйкес жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2001 жылғы 24 желтоқсандағы

N 1685 қаулысымен

бекітілген

**Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу ережесі**

Осы Ереже "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес (бұдан әрі - Заң) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті (бұдан әрі - атаулы әлеуметтік көмек) тағайындау және төлеу тәртібін белгілейді.

## **1. Жалпы ережелер**

1. Заңның 2-бабында көрсетілген жеке адамдардың атаулы әлеуметтік көмекті алуға құқығы бар.

2. Атаулы әлеуметтік көмек жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен ақшалай нысанда көрсетіледі.

3. Атаулы әлеуметтік көмекті алу құқығы тоқсан сайын табысы туралы құжаттар ұсыну арқылы расталады.

## **2. Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау тәртібі**

4. Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау үшін өтініш иесі өз атынан немесе отбасының атынан тұрғылықты жеріндегі уәкілетті органға немесе ол болмаса кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне жүгінеді. Жүгінген кезде өтініш иесі осы Ережеге 1, 2, 3, 4-қосымшаларда белгіленген нысандар бойынша өтініш, өтініш иесінің отбасы құрамы, өтініш иесінің отбасы мүшелерінің табысы, жеке қосалқы шаруашылығының бар-жоғы туралы мәліметтердің бланкілерін (бұдан әрі – құжаттар) тегін алады.

Құжаттарды өтініш иесінің өзі толтырады және жеке басын куәландыратын құжатты, жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысқан жағдайда – еңбекке жарамды жастағы отбасы мүшелеріне әлеуметтік келісімшарт көшірмелерін көрсете отырып, оларды уәкілетті органға немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне тапсырады.

Әлеуметтік келісімшарттың көшірмесін тапсыру өтініш иесінің және еңбекке жарамды жастағы отбасы мүшелерінің жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысқаннан алған табыстарына қарамай, оларға атаулы әлеуметтік көмек тағайындау құқығын береді.

Өтініш иесі келесі тоқсанға атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға қайта өтініш берген жағдайда, осы Ережеге 2, 3, 4-қосымшаларда қамтылған мәліметтерде өзгерістер болмаған кезде осы Ережеге 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш бланкісі ғана толтырылады.

Осы Ережеде көзделмеген басқа құжаттарды ұсынуды талап етуге жол берілмейді.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.09.30 N 1123 (2012.01.01 қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің**

04.04.2014 N 322 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Уәкілетті орган немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкімі өтініш иесінен құжаттарды алғаннан кейін оларды бірден тіркейді және осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес құжаттардың қабылданғаны туралы растау қағазын береді.

Өтініш уәкілетті органда немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкімінде нөмірленген, тігілген және уәкілетті органның мөрімен бекітілген журналға т і р к е л е д і .

Уәкілетті орган немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкімі құжаттарды қабылдағаннан кейін үш жұмыс күні ішінде қорытынды дайындау үшін оларды учаскелік комиссияларға береді.

Учаскелік комиссиялардың қызметі жергілікті өкілді органдармен келісілген және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз ететін орталық атқарушы органның актісімен бекітілетін Учаскелік комиссиялар туралы үлгі ережеге сәйкес жергілікті атқарушы органдар бекітетін Учаскелік комиссиялар туралы ережелермен реттеледі.

Учаскелік комиссиялар уәкілетті органнан немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкімінен құжаттарды алған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттар және (немесе) өтініш иесінің (отбасының) материалдық жағдайын тексеру (бұдан әрі – тексеру) нәтижелері негізінде қорытынды (6-қосымша) дайындайды және қорытынды дайындаған күні оны уәкілетті органға немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне береді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.04.2014 N 322 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5-1. Тексеру өтініш иесінің қатысуымен, ал ол болмаған жағдайда - отбасының кәмелетке толған іс-әрекетке қабілетті мүшелерінің бірінің қ а т ы с у ы м е н жүргізіледі.

5-2. Тексерудің мақсаты өтініш берушінің (отбасының) материалдық жағдайын және өтініш иесінің атаулы әлеуметтік көмек үшін өтініш беруіне байланысты мән-жайларды зерделеу болып табылады.

5-3. Жүргізілген тексерудің нәтижелері бойынша учаскелік комиссия 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш берушінің (отбасының) материалдық жағдайын тексеру актісін (бұдан әрі - тексеру актісі) жасайды оған комиссия мү ш е л е р і қ о л қ о я д ы .

5-4. Учаскелік комиссия өтініш берушіні, ал ол болмаған жағдайда - отбасының тексеру жүргізуге қатысқан, кәмелетке толған іс-әрекетке қабілетті мүшелерінің біріне актіні қол қойғызып таныстырады.

5-5. Өтініш иесінің, ал ол болмаған жағдайда - отбасының кәмелетке толған,

іс-әрекетке қабілетті мүшелерінің бірінің тексеру жүргізуден бас тартуы учаскелік комиссияның барлық мүшелерінің қолы қойылған хаттамаға тіркеледі.

**Ескерту. 5-5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.09.30 N 1123(2012.01.01 қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

5-6. Өтініш иесі бір күнтізбелік жылдың ішінде қайта өтініш берген кезде тексеру жүргізу өтініш иесінің тұратын жері (бір әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде), оның (отбасының) құрамы мен табысы өзгерген жағдайда ғана және өтініш иесі ұсынған мәліметтерді нақтылау қажет болған кезде жүзеге асырылады.

**Ескерту. 5-6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.09.30 N 1123(2012.01.01 қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

6. Кент, ауыл, ауылдық округ әкімі өтініш иелерінен құжаттарды қабылдап алған күннен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірмей, өтініш иелерінің құжаттарын учаскелік комиссиялардың қорытындыларын қоса бере отырып, уәкілетті органға тапсырады.

Кент, ауыл, ауылдық округ әкімі қабылданған құжаттарды ұсынған кезде уәкілетті орган оларды бірден тіркейді.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.04.2014 N 322 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

7. Уәкілетті орган құжаттарды өтініш иесінен немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкімінен құжаттарды қабылдап алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттар мен учаскелік комиссия қорытындысын қарайды және облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімдері бекітетін нысан бойынша атаулы әлеуметтік көмек тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды. Өтініш иесіне қабылданған шешім туралы жазбаша хабарлайды, бас тартылған жағдайда – тағайындаудан бас тартудың себебін көрсетеді.

Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау туралы немесе одан бас тарту туралы шешімге уәкілетті органның басшысы немесе оның міндетін атқарушы адам қол қояды.

Адамның (отбасының) атаулы әлеуметтік көмекті тағайындатуға өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсан ішіндегі жиынтық табысын уәкілетті орган халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ететін орталық атқарушы орган белгілеген тәртіппен есептейді.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.09.30 N 1123(2012.01.01 қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.04.2014 N 322 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

8. Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау оны алуға өтініш берген айдан бастап ағымдағы тоқсанның соңына дейінгі мерзімге жүзеге асырылады.

Өтініш берген ай деп құжаттарын қосып өтініш берген ай есептеледі.

Қаражат жетіспеген кезде атаулы әлеуметтік көмек өтініш тіркелген хронологиялық тәртіппен беріледі.

9. Атаулы әлеуметтік көмектің айлық мөлшерін уәкілетті орган отбасының әрбір мүшесі бойынша немесе адамға жан басына шаққанда орташа табысы мен облыстарда, республикалық маңызы бар қалада, астанада белгіленген кедейлік шегі арасындағы айырма түрінде есептейді.

**Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.16. N 335 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.**

### **3. Атаулы әлеуметтік көмекті төлеу тәртібі**

10. Атаулы әлеуметтік көмекті төлеу алушының таңдауы бойынша екінші деңгейдегі банк арқылы, өзі таңдаған екінші деңгейдегі банктегі немесе банк операцияларының тиісті түріне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар ұйымдағы жеке шотының деректерін көрсете отырып берген өтініші негізінде жүзеге асырылады.

11. Тағайындалған соманы алушылардың жеке шоттарына есептеу қаражаттың түсуіне қарай жүргізіледі.

#### **Ережеге 1-қосымша**

**Ескерту. 1-қосымшаға өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.16. N 335 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз), 2007.04.30. N 352 (2010.08.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.09.30 N 1123 (2012.01.01 қолданысқа енгізіледі); 04.04.2014 N 322 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

-----  
(тұрғылықты жері, облыстық, аудандық)  
уәкілетті органға

-----  
(тұрғылықты жері, ауданы)

-----  
(көшесі, үй және пәтер N, телефоны)  
мекен-жайы бойынша тұратын

-----  
(Өтініш иесінің аты, әкесінің аты, тегі)  
жеке басын куәландыратын құжаттың N

-----

берген

-----  
берілген күні -----  
ЖСН -----  
жеке шотының № -----  
Қызмет түрі -----

## ӨТІНІШ

Менің отбасыма атаулы әлеуметтік көмек тағайындауыңызды өтінемін.

Менің отбасым ----- адамнан тұрады.

Өтінішке белгіленген үлгідегі құжаттарды ұсынамын - 3 данада 2-4 қ о с ы м ш а л а р .

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау үшін қажетті менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беремін.

Өзгерістер пайда болған жағдайда олар туралы он жұмыс күні ішінде х а б а р л а у ғ а м і н д е т т е н е м і н .

Жалған ақпарат және расталмаған (жасанды) құжаттарды ұсынғаны үшін жауапқа тартылатыным туралы ескертілдім.

Менің (менің отбасымның) табысымды Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығының дерекқорымен салыстырып тексеруге келісемін.

20 \_\_ ж. " \_\_ " -----  
(өтініш иесінің қолы)

Құжаттар қабылданды

20 \_\_ ж. " \_\_ " -----  
(құжаттарды қабылдаған адамның А.Ә.Т. және қолы)

-----  
Отбасының тіркелу нөмірі

Өтініш қоса беріліп отырған құжаттармен учаскелік комиссияға 20\_\_ ж. " \_\_ " -----  
-----  
б е р і л д і .

-----  
20\_\_ ж. " \_\_ " ----- қабылданды  
----- құжатты қабылдап алған учаскелік комиссия мүшесінің Т.А.Ә және қолы;

уәкілетті органның құжаттардың ауылдың, ауылдық округтің әкімінен қабылданған күні туралы белгісі 20\_\_ ж. «\_\_» ----- құжатты қабылдаған адамның Т.А.Ә., лауазымы, қолы -----

-----  
(қию сызығы)

Өзгерістер пайда болған жағдайда олар туралы он жұмыс күні ішінде х а б а р л а у ғ а м і н д е т т е н е м і н .

Жалған ақпарат және расталмаған (жасанды) құжаттарды ұсынғаны үшін жауапқа тартылатыным туралы ескертілдім.

Менің (менің отбасымның) табысымды Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығының дерекқорымен салыстырып тексеруге келісемін.

өтініш иесінің қолы \_\_\_\_\_

Азамат \_\_\_\_\_ қоса беріліп отырған құжаттармен \_\_\_\_\_ дана, отбасының тіркелу нөмірі \_\_\_\_\_ өтініші 20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ қабылданды.

Құжаттарды қабылдаған адамның А.Ә.Т., лауазымы, қолы \_\_\_\_\_

### Ережеге 2-қосымша

1-нысан

Отбасының тіркелу нөмірі \_\_\_\_\_

Өтініш иесінің отбасы құрамы туралы мәліметтер

\_\_\_\_\_ (Өтініш иесінің А.Ә.Т.)

\_\_\_\_\_ (мекен-жайы, тел.)

N	Отбасы мүшелерінің А.Ә.Т.	Өтініш иесіне туыстық жақындығы	Туған жылы
---	---------------------------	---------------------------------	------------


Өтініш иесінің қолы \_\_\_\_\_ Күні \_\_\_\_\_

Отбасының құрамы туралы \_\_\_\_\_ М.О.

мәліметті растауға уәкілетті

органның лауазымды адамының А.Ә.Т. \_\_\_\_\_

(қолы)

### Ережеге 3-қосымша

Ескерту. 3-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.09.30 N 1123 (2012.01.01 қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2-нысан

Отбасының тіркелу нөмірі \_\_\_\_\_

Өтініш иесінің отбасы мүшелерінің 20\_\_ жылғы \_\_ тоқсанда тапқан табысы туралы мәліметтер

\_\_\_\_\_ (А.Ә.Т.)

\_\_\_\_\_ (мекен-жайы, телефон)

--

N Отбасы Жұмыс орны, оқу  Құжаттармен  Басқа да мәлімделген табыстар
мүшеле. орны (жұмыссыз. расталған табыс. -----
рінің  дар жұмыспен  тар сомасы  кәсіп.  шәкірт. алимен. та.
Т.Ә.А.  қамту жөніндегі ----- керлік  ақы  ттер  быс.
уәкілетті ор.   еңбек  зейне.  қызмет.      тың
ганның анықта.  қызметі. тақы,  тен      өзге
масымен тіркел. нен  жәрдем.       түр.
ген фактісін      ақы        лері
растайды)
-----

Өтініш иесінің қолы \_\_\_\_\_

Күні \_\_\_\_\_

**Ережеге 4-қосымша**

**Ескерту. 4-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.16. N 335 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.**

3-нысан

Отбасының тіркелу нөмірі \_\_\_\_\_

Жеке қосалқы шаруашылығының болуы туралы мәліметтер

(А.Ә.Т.)

(мекен-жайы, тел.)

	Саны/ өлшем бірлігі	Үй жануарлары	Жасы	М а л басының саны
Саяжай		Ірі қара малы: с и ы р бұқа		
Бақша		Ж ы л қ ы : б и е айғыр		
Жер учаскесі, соның ішінде үй іргесіндегі учаске		Т ү й е Іңген		
Шартты жер үлесі		Қой, ешкі		
Мүліктік үлестік жарна (берілген жылы)		Тауық, үйрек, қаздар		
		Шошқа		

Өтініш иесінің қолы \_\_\_\_\_

Күні \_\_\_\_\_

Мемлекеттік  
тағайындау  
5-қосымша

атаулы  
және

әлеуметтік  
төлеу

көмекті  
ережесіне



Ескерту. 5-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2009.03.16. N 335 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен, өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.09.30 N 1123 (2012.01.01 қолданысқа енгізіледі); 04.04.2014 N 322 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

\_\_\_\_\_ (елді мекен, аудан, облыс)  
уәкілетті \_\_\_\_\_ органына

\_\_\_\_\_ (елді мекен, аудан)  
\_\_\_\_\_ (көшесі, үй және пәтер N, телефоны)  
мекен-жайы бойынша тұратын

\_\_\_\_\_ (өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты)  
жеке куәлігінің N \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ берген

\_\_\_\_\_ берілген күні \_\_\_\_\_

ЖСН \_\_\_\_\_  
жеке шотының № \_\_\_\_\_  
қызмет түрі \_\_\_\_\_

Ө т і н і ш

(Ереженің 4-тармағының 3 абзацында көзделген жағдайларда)

Менің отбасыма атаулы әлеуметтік көмек тағайындауыңызды өтінемін.

Менің отбасым \_\_\_\_\_ адамнан тұрады.

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау үшін қажетті менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беремін.

Мен бұрын Ережеге 2-4-қосымшаларда көрсеткен мәліметтерде өткен тоқсанда өзгерістер болған жоқ.

Өзгерістер пайда болған жағдайда олар туралы он жұмыс күні ішінде хабарлауға міндеттенемін.

Жалған ақпарат және расталмаған (жасанды) құжаттарды ұсынғаны үшін жауапқа тартылатыным туралы ескерту жасалды.

Менің (менің отбасымның) табысымды Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығының дерекқорымен салыстырып тексеруге келісемін.

20\_\_ ж. "\_\_\_" \_\_\_\_\_

(өтініш берушінің қолы)

Қ ұ ж а т т а р қ а б ы л д а н д ы

20\_\_ ж. "\_\_\_" \_\_\_\_\_

(құжаттарды қабылдаған адамның Т.А.Ә. және қолы)

Отбасының тіркелу нөмірі

Өтініш учаскелік комиссияға  
20\_\_ж. "\_\_\_"\_\_\_\_\_ берілді.

20\_\_ж. "\_\_\_"\_\_\_\_\_ қабылданды  
құжаттарды қабылдаған учаскелік  
комиссия мүшесінің Т.А.Ә. және қолы;  
уәкілетті органның ауыл, ауылдық округ әкімінен құжаттарды қабылдаған  
күні туралы 20\_ «\_\_» \_\_\_\_\_ белгі, құжаттарды қабылдаған адамның лауазымы,  
қолы \_\_\_\_\_;

(қию сызығы)

Мен бұрын Ережеге 2-4-қосымшаларда көрсеткен мәліметтерде өткен  
тоқсанда өзгерістер болған жоқ.

Өзгерістер туындаған жағдайда олар туралы он жұмыс күні ішінде  
хабарлауға міндеттенемін.

Жалған ақпарат және расталмаған (жасанды) құжаттарды ұсынғаны үшін  
жауапқа тартылатыным туралы ескерту жасалды.

Менің (менің отбасымның) табысымды Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғау министрлігінің Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығының  
дерекқорымен салыстырып тексеруге келісемін.

Өтініш берушінің қолы \_\_\_\_\_

Отбасының тіркелу нөмірі \_\_\_\_\_ азамат \_\_\_\_\_ өтініші 20\_\_  
жылғы "\_\_\_"\_\_\_\_\_ қабылданды.

Құжаттарды қабылдаған адамның Т.А.Ә., лауазымы, қолы \_\_\_\_\_  
Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті  
тағайындау және төлеу ережесіне  
6-қосымша

Ескерту. 6-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2009.03.16. N 335 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен, өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.09.30 N 1123 (2012.01.01 қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

**Учаскелік комиссияның N\_\_ қорытындысы**

\_\_\_\_\_ 20\_\_ж.

Учаскелік комиссия "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы"  
Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес отбасының (өтініш берушінің  
) \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты)

өтініш және оған қоса берілген құжаттарды қарап,

(ұсынылған құжаттар және (немесе) өтініш берушінің материалдық жағдайын тексеру нәтижелерінің негізінде отбасына (тұлғаға) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек берудің \_\_\_\_\_

туралы

(қажеттілігі, қажеттіліктің жоқтығы)

қорытынды шығарады

Комиссия төрағасы: \_\_\_\_\_

Комиссия мүшелері: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(қолдары) (Т.А.Ә.)

\_\_ дана қоса берілген құжаттармен қорытынды  
20\_\_ ж. " \_\_ " \_\_ қабылданды

Құжаттарды қабылдаған кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің немесе уәкілетті орган қызметкерінің Т.А.Ә., лауазымы, қолы \_\_\_\_\_

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті  
тағайындау және төлеу ережесіне

7-қосымша

Ескерту. 7-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2009.03.16. N 335 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен, өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.09.30 N 1123 (2012.01.01 қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

## Өтініш берушінің (отбасының) материалдық жағдайын тексеру АКТІСІ

20\_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_

(елді мекен)

1. Өтініш берушінің Т.А.Ә. \_\_\_\_\_

2. Тұратын мекен-жайы \_\_\_\_\_

3. Отбасы құрамы (отбасында нақты тұратындар есептеледі) \_\_\_\_\_ адам, оның ішінде

									Қоғамдық жұмыстарға, кәсіптік даярлауға
--	--	--	--	--	--	--	--	--	---

N	Т.А.Ә	Туған күні	Өтініш берушіге туыстық қатысы	Білімі	Жұмыспен қамтылуы (жұмыс, оқу орны)	Өзін-өз жұмыс пен қамтуы	Жұмыс пен қамтылмауының себебі	Жұмыс пен қамту орган дарында жұмыссыз ретінде тіркелуі туралы деректер	(қайта даярлауға, біліктігін арттыруға) немесе жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуы туралы мәліметтер

Барлық еңбекке қабілеттілері \_\_\_\_\_ адам.

Жұмыспен қамту органдарында жұмыссыз ретінде тіркелгендері \_\_\_\_\_ адам.

"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Заңның 2-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген себептер бойынша жұмыспен қамтылмағандары \_\_\_\_\_ адам

Жұмыспен қамтылмаудың басқа да себептері (іздеуде, бас бостандығынан айыру орындарында) \_\_\_\_\_ адам.

Кәмілетке толмаған балалардың саны \_\_\_\_\_ адам, оның ішінде: толықтай мемлекеттік қамсыздандырудағы оқитындар \_\_\_\_\_ адам; жоғары және орта оқу орындарында ақылы негізде оқитындар \_\_\_\_\_ адам, жылына оқу құны \_\_\_\_\_ теңге.

4. Өмір сүру жағдайы (жатақхана, жалға алынған, жекешелендірілген тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй, тұрғын үй кооперативі, жеке тұрғын үй немесе өзге де - көрсету керек)

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Бөлме саны \_\_\_\_\_

Тұрғын үйді ұстауға арналған шығыстар \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

**Отбасының табысы:**

N	Табысы бар отбасы мүшелерінің (оның ішінде өтініш берушінің) Т.А.Ә.	Табыс түрі	Өткен тоқсандағы табыс сомасы (теңге)		Жеке қосалқы шаруашылық (ауладағы учаске, малы және құсы), саяжай және жер учаскесі (жер үлесі) туралы мәліметтер
			бір айда	бір тоқсанда	

5. Мыналардың:

автокөлігінің болуы (маркасы, шығарылған жылы, құқық беретін құжат, оны пайдаланғаннан түсетін табыс)

қазіргі уақытта өздері тұрып жатқаннан бөлек өзге де тұрғын үйдің болуы (оны пайдаланғаннан түсетін табыс)

6. Бұрын алған көмегі туралы мәліметтер (нысаны, сомасы, көзі)

7. Отбасының өзге де табыстары (нысаны, сомасы, көзі):

8. Ата-аналардың балалар тәрбиесіне қатысуы: мектеп керек-жарағымен, киіммен, аяқ киіммен қамтамасыз етілу

тұратын санитарлық-эпидемиологиялық жағдайы

Комиссия төрағасы:

Комиссия мүшелері:

(қолы)

(Т.А.Ә.)

Жасалған актімен таныстым:

Өтініш берушінің Т.А.Ә. және қолы

Тексеру жүргізуден бас тартамын \_\_\_\_\_ Т.А.Ә. және өтініш берушінің (немесе отбасының мүшелерінің бірінің) қолы, күні

(өтініш беруші тексеру жүргізуден бас тартқан жағдайда толтырылады)

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2001 жылғы 24 желтоқсандағы

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің күшін жойған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Аз қамтылған азаматтарға жергілікті (аймақтық) деңгейде арнайы әлеуметтік көмек ұйымдастырудың тәртібі туралы Үлгі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 22 ақпандағы № 188 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., № 7, 77-құжат).

2. "Мұқтаж отбасыларына әлеуметтік көмек көрсету кезінде отбасы мүшесінің жиынтық табысына есептелетін табыс түрлерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 15 мамырдағы № 604 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., № 21, 185-құжат).

3. "Балалы отбасыларына әлеуметтік көмек көрсету туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 21 наурыздағы № 382 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., № 13, 91-құжат).

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 15 мамырдағы № 604 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 22 сәуірдегі № 604 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., № 16, 136-құжат).

5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 21 наурыздағы № 382 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 7 сәуірдегі № 292 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., № 10, 80-құжат).

6. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 22 ақпандағы № 188 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 29 мамырдағы № 490 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., № 16, 142-құжат).

7. "Атаулы әлеуметтік көмек көрсетудің уақытша тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 22 шілдедегі № 1036 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., № 38, 322-құжат).